Бөлім:	**1-бөлім. Еңбек құқығындағы құқықтық мәртебе және жауапкершілік**	
Педагогтің аты-жөні:	Отар Әл фараби Нұрмаханбетжанұлы	
Күні:	29.09.2026 (11А) 06.10.2026 (11К)	
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**Кәмелетке толмаған жұмыскерлердің құқықтары**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	ҚР Еңбек Кодексі нормаларын сақтау арқылы еңбек шартының үлгісін толтыру	
Сабақтың мақсаты	ҚР Еңбек кодексіндегі кәмелетке толмаған жұмыскерлерге арналған арнайы нормаларды түсіну және сол талаптарды сақтай отырып еңбек шартының үлгісін дұрыс толтыру.	
Құндылықтар		

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі//уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру Өткен білімді еске түсіру	**Қызығушылықты ояту кезеңі.** Оқушыларға 14, 15, 16 және 17 жасқа қатысты еңбек жағдайлары көрсетіледі. Сабақ тақырыбын ашу үшін сұрақтар қойылады: • 18 жасқа толмаған адам жұмыс істей ала ма? • Еңбек шартын қай жастан жасауға болады? • Кәмелетке толмаған жұмыскерге неге арнайы құқықтық қорғау қажет? Жауаптар тыңдалып, сабақтың тақырыбы мен мақсаты таныстырылады.	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Жас ерекшелігі мен еңбек құқығына қатысты бұрынғы білімдерін еске түсіреді. Жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшеді.	ҚБ. Мұғалім оқушылардың жауаптарын тыңдап, нақтылаушы кері байланыс береді.	Инфографика: «Кәмелетке толмаған жұмыскерлердің құқықтары» (1-бет).
Жаңа білім	**Тапсырма №1. Жеке жұмыс «Жас шектеулерін анықта»** Инфографикадағы мәліметтерді пайдаланып, 16 жас, 15 жас, 14 жас және 14 жасқа дейінгі тұлғалардың еңбек шартын жасау жағдайларын салыстырыңыз. Қай жағдайда заңды өкілдің қатысуы қажет екенін белгілеңіз.	Оқушылар жас шектеулеріне қатысты нормаларды салыстырады. Жұппен үш жағдаятты талдап, әрқайсысының заң талаптарына сәйкестігін анықтайды. 17 жастағы жұмыскерге	**Дескриптор:** 1. 14–18 жас аралығындағы еңбек шартын жасау ерекшеліктерін анықтайды. 2. Кәмелетке толмағандарға тыйым салынған ауыр, зиянды, қауіпті, түнгі және үстеме	ҚР Еңбек кодексі: 25, 26, 28, 31, 69, 76, 77-баптар. Инфографика (1–2-бет). Жұмыс парағы «Кәмелетке толмаған жұмыскерлердің құқықтары».

	Тапсырма №2. Жұптық жұмыс «Жағдаяттарды талда» 1) Айдана – 15 жаста. Жазғы каникулда сауда орталығында киім дүкенінде сатушы көмекшісі болып жұмыс істегісі келеді. Еңбек шартына отыра ала ма? Заңды өкілдің қолы қажет пе? Аптасына қанша сағаттан көп жұмыс істей алмайды? 2) Ержан – 17 жаста. Компьютерлік клубта 14:00-ден 23:00-ге дейін жұмыс істегісі келеді. Бұл жұмыс уақыты заңға сәйкес пе? Түнгі жұмысқа тартуға бола ма? Аптасына 40 сағат жұмыс жасаса, талап бұзыла ма? 3) Нұрлан – 14 жаста. Қоймада ауыр жүк көтеруге және тауар тиеуге көмектеседі. Бұл жұмысқа рұқсат етіле ме? Неліктен? Оған қандай жұмыс түрлері жарайды? **Тапсырма №3. Жеке жұмыс «Еңбек шартын дұрыс толтыр»** 17 жастағы Айбек мектептен кейін кітап дүкеніне сатушының көмекшісі болып орналасқалы жатыр. Жұмыс парағындағы еңбек шартының үлгісін толтырыңыз: тараптар, жұмыс орны, еңбек функциясы, жұмыс уақыты, еңбекақы, еңбек қауіпсіздігі, шарт мерзімі және қолдар. Соңында «Шартты құқықтық тексеру» тізімі арқылы жұмысыңызды тексеріңіз: жасына сай жұмыс, қысқартылған жұмыс уақыты, түнгі және	арналған еңбек шартының үлгісін толтырады және өзіндік құқықтық тексеру жүргізеді.	жұмыстарды ажыратады. 3. 14–16 жас үшін аптасына 24 сағаттан, 16–18 жас үшін 36 сағаттан аспайтын жұмыс уақытын қолданады. 4. Үш жағдаят бойынша құқықтық қорытынды жасайды. 5. Еңбек шартының негізгі талаптарын дұрыс толтырып, заң талаптарына сәйкестігін тексереді.	

	үстеме жұмыстың болмауы, еңбекақы, еңбек функциясы, қауіпсіздік талаптары және заңды өкілдің қолы.			
Бекіту	**Сабақты қорытындылау** 1. Жалпы ереже бойынша еңбек шартын неше жастан жасауға болады? 2. 15 және 14 жаста еңбек шартын жасауға қандай ерекше жағдайлар қойылады? 3. 14–16 және 16–18 жастағы жұмыскерлердің апталық жұмыс уақыты қанша? 4. 18 жасқа толмаған жұмыскерді түнгі және үстеме жұмысқа тартуға бола ма? 5. Кәмелетке толмағандарды қандай жұмыстарға жіберуге болмайды? 6. Еңбек шартында қандай негізгі талаптар көрсетілуі керек? **Үйге тапсырма** Жұмыс парағындағы қорытынды сұрақты орындаңыз: еңбек шартындағы ең маңызды деп санайтын 2 талапты таңдап, әрқайсысының маңызын түсіндіріңіз.	Сұрақтарға жауап береді. Құқықтық нормаларды қорытындылап, өз пікірін дәлелдейді.	ҚБ. Дұрыс жауап, нақты құқықтық негіз және түсіндіру бойынша ауызша кері байланыс.	Инфографика, жұмыс парағы, конспект.
Кері байланыс	Қиын... Қызық... Құнды... Қажет.....	Оқушылар тақырып бойынша түсінгенін, қиындық туғызған тұсын және өзіне пайдалы болған ақпаратты жазады.	Оқушылар өзін-өзі бағалайды және келесі қадамын анықтайды.	А4, конспект